

Қ. Н. Әбуғалиев, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясындағы ҒЗИ Ішкі істер органдары қызметін реттейтін заңнаманы зерттеу және мониторингтеу мәселелері бойынша орталықтың аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты

ЮРИСЛИНГВИСТИКАЛЫҚ САРАПТАМА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Заңдық лингвистика тіл білімінің жаңа бір саласы болып саналады. Ол тіл мен құқықты біріктіре отырып, пәнаралық сипатқа ие болады. Тіл мен құқықтың өзара байланысы жайындағы мәселемен ертеден бері заңгерлер де, тілші ғалымдар да айналысқаны белгілі. Ежелгі Римнің заңгерлері «құқық белгілі түрде болуы керек» деген ережені ұстана отырып, заң мәтіндерінің мазмұны жағынан нақты-әрі түсінікті болуы үшін юрислингвистика мәселесін шешуді ұсынады¹. Юрислингвистика — заң құжаттарына лингвистикалық сараптама жасау, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер мәтіндерін дайындау бойынша ұсынымдар жасау, заң терминдерін аудару аясында теориялық және тәжірибелік зерттеулер жүргізу, белгілі бір тілдік стратегияны криминалистикалық зерттеу және т. б. Юрислингвистика мәселелерімен түрлі елдердің тілтанушы ғалымдары айналысады. Тілді алғаш зерттеулер көрші орыс тілі материалдарында өткен ғасырда басталғанымен, заңнама тілі алғаш кезекте құқықтық нормаларды баяндап, соңынан қолдану үшін арнайы тағайындалған оның ерекше қызмет ету стилі тұрғысынан ғана зерттелді. Қызмет ету стилі теориясының аясында нормативтік құқықтық мәтінді құру, соның ішінде нормативтік сөйлемдердегі сөздер тәртібі туралы, сөйлемнің синтаксистік тереңдігі туралы, анықталатын сөздерден кейінгі анықтауыштардың саны туралы, құқықтық нормадағы сөйлемдердің синтаксистік құрылымы туралы және т. б. ережелер дайындалды. Бұл аталған ережелер қазіргі таңда ұсынымдық сипатты ғана иеленіп қоймай, нормативтік актілерге лингвистикалық сараптама жасау үшін де негіз бола алады. Соңғы уақыттары заң жобаларына лингвистикалық сараптама жасаудың теориялық негіздерін кеңейту талаптары айтылуда, мәселен, мәтіннің тек логикалық және нормативтік-стилистикалық өлшемдері ғана емес, референция (тілдік белгінің тілдік емес) туралы жалпы тіл білімінің ережелері де, сол сияқты мәтінді мағыналық тұрғыда қабылдау заңдылығы туралы психоллингвистика мәліметтері мен коммуникация теориясын пайдалану керек.

Құқықтық кеңістіктің қоғамдағы жалпыға міндетті заңнамада қолданылатын табиғи тілдің формаларымен, яғни сөзбен берілетінін баса айту керек. Заң мәтіні түсінікті де, дұрыс болу үшін заңнама тілі аясында құқықтық нормаларды баяндауға және соңынан қолдануға арналған қазіргі қазақ тілі стилінің аса жоғары деңгейдегі лингвистикалық стандарттардың болуы қажет².

Мәселен, нормативтік құқықтық мәтінді құру барысында төмендегідей жалпы ережелерді есте ұстаған жөн:

- нормативтік сөйлемдердегі сөздердің тәртібі қазақ тіліне тән қарапайым, грамматикалық тұрғыда, баяндауыш мүше соңында, анықтауыш толықтауыштың алдында, онан пысықтауыш, ал бастауыш сөйлемнің басында болады;
- егер сөйлем бірнеше басыңқы сыңарлы компоненттерден құралса, сөйлемнің синтаксистік құрылу талабына орай, құрмалас сөйлемнің құрамы үш жай сөйлемнен аспағаны абзал;
- сөйлемде біртектес грамматикалық формалардан құрылған тізбектер болмауы керек;
- анықталушы сөздің алдында екі-үш жанама анықтауыштан артық болмай, бұл анықтауыштардың сөйлемдегі жалпы саны жеті-сегізден артпауы керек;
- грамматикалық құрылымдағы бағыныңқы, басыңқы компоненттердің арасына бес сөзден артық қоймау керек³.

Бағыныңқы, басыңқы сыңарлардың арасындағы арақашықтық ұлғайған сайын сөйлемдегі синтаксистік нақтылық та солғындай түседі. Ал сөйлемнің тым қысқа құрылуы да мазмұнның мазмұнды берілуіне кесірін тигізеді. Мәселен, орыс тілінде сөйлемнің орташа көлемі 19 сөзден тұрады. 6 сөзге дейінгі көлем қысқа болып есептеледі⁴.

Заңнама мәтіндерін құрудың осындай және өзге де ережелері көрші мемлекет Ресейде келесідей тәртіппен жүргізіледі. Мемлекеттік Дума аппаратының Құқықтық басқаруы Мемлекеттік Дума Кеңесінің немесе жауапты комитеттің тапсырмасы бойынша белгіленген мерзім ішінде заң жобасының лингвистикалық сараптамасын жүзеге асыру барысында немесе заң жобаларын дайындауда бақылауға алынады.

Заң жобасының лингвистикалық сараптамасы берілген мәтіннің қазіргі тілдік нормаларға заң мәтіндерінің функционалдық-стилистикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып, сәйкесінше бағалануымен сипатталады.

Лингвистикалық сараптаманы өткізуде оның қабылдану қажеттілігін дәйектеп, заң мазмұнының және мақсатының қысқаша сипаттамасын, сол сияқты қазіргі заңнама жүйесіндегі оның орнын, терминдер сөздігі мен қазіргі заңнамадағы ұғымдарды, қазақ тілінің басқа да лингвистикалық сөздіктерін мақсатты түрде қолдану керек.

Заң жобасының лингвистикалық сараптамасын жүргізу барысында тексеруге және баға беруге жататындар:

- негізгі нормативтік ұғымдарды тілмен жеткізу тәсілдері (таңдалған сөздер мен олардың грамматикалық нысандары заң жобасының идеялары мен концептуалдық негіздеріне қаншалықты сәйкесуі);
- реттелетін мәселе мазмұны мен жобаланатын нормалар түрін есепке ала отырып, ойды жеткізудің деректі және нақты тәсілдерінің арақатынасы (мәтіннің үстірт айқындылық деңгейі қандай, нормативтік ұғымдардың мағынасын айқындауға тым деректі тұжырымдар кедергі келтірмейтіндігі);
- терминологиялық сөз тіркестерінің құрылымы мен грамматикалық дұрыстығы;
- нормативтік ұғымдардың мағынасын ашу үшін басқа тілден енген сөз формаларын таңдаудың мақсаттылығы;
- терминдер жүйелілігі, олардың қазіргі заңнамадағы терминологиямен сәйкестігі (таңдалған термин сөзге сол нормативтік ұғымды дәлме-дәл ұқсастырып, оның басқа да заңдық ұғымдар арасындағы орнын анықтауға болатындығы);
- нормативтік ұғымдардың орындылығы;
- ауызша анықтамалардың логикалық, мағыналық және грамматикалық дұрыстығы;
- нормативтік мәтінге анықтама беру тәсілдерінің біркелкілігі;
- синонимдердің орындылығы — бір тектес мазмұнның әртүрлі айтылу тәсілдерін параллель қолдану (дұрыс шешім жағдайында тиісті құрылымдардың мағыналық маңыздылығын тексеру);
- көп мағыналы сөздерді контекстік шектеу айқындылығы (олардың біркелкілігі, екі ұшты қабылдануы мен түсінігі қай деңгейде қамтылғандығы);
- түрлі ұғымдарды бейнелейтін сөздерді қолдану дұрыстығы (нормативтік ұғымдардың түрлі қатынастары жеткілікті айқын беріле ме, олардың логикалық-мағыналық арақатынасы сақталған ба, сөз мағыналық жағынан дұрыс таңдалғандығы);
- ұғымдарды тура және жанама айқындауда мағыналық сәйкесу дәрежесі (таңдалған термин мағынасы бойынша заң мәтінінде оны алмастыра алатындай сипаттама құрылымдарына қисындылығы);
- қазақ тілінің синтаксистік нормаларының сақталуы, яғни сөз тіркестері мен сөйлемдердің, сол сияқты фраза аралық байланыс логикасының құрылу дұрыстығы;
- мәтін атауларын ресімдеудің дұрыстығы және біркелкілігі (нөмірлеумен және нөмірлеусіз жеке азат жолдарға бөлу);
- сөйлем ішіндегі тыныс белгілерді қолданудың дұрыстығы және біркелкілігі.

Заң жобасына лингвистикалық сараптама жасау нәтижелері бойынша оның мәтініне қажетті редакциялық өзгерістер енгізіледі де, ол заң жобасына түзету болып табылмайды. Лингвистикалық сараптаманы жүргізуге қатысатын мамандар заң жобасын талқылауда оның мәтіндік формасының мәселесі бойынша түсінік беруге құқықты⁵.

Жоғарыда аталған мәселелердің туындауына бірден-бір түрткі, айтыла-айтыла жауыр болған өзекті тақырыптардың бірі — аударма мәселесі. Нақтысын айтқанда, қаншалықты шығып жатқан немесе өзгертулер мен толықтыруларға ұшырап жатқан заңдарымыздың, заң күшіндегі актілердің орыс тілінде қабылданып барып, қазақ тілінің құдіреті аудармашылық сипаттан аса алмауында. «Ел болам десең, бесігіңді түзе»... Өркениеттің өрлеуінде тұрған тәуелсіз Қазақстанның кешегісі мен бүгінгісін, келер келешегін «тайға таңба басқандай» айқындап, жол сілтер жобалардың бірегейі — елдің заңы. Өкініштісі, сол заңдарымыздың, нормативтік құқықтық актілеріміздің мемлекеттік тілдегі үлгісі осындай олқылықтардан кейін талаптан шыға алмауда. Оған себеп, аударма кезінде семантикалық-стистикалық қателердің орын алып, туған тіліміздің тілдік табиғаты сырт қалып жатады, сол сапаға қатысты терминдер қазақшаға орашалақ аударылады. Мәселен, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін алып көрсек, маман-ғалымдарымыздың төмендегідей ескертпелерін өте орынды дер едім:

- 1-баптағы «қылмыстық заңдары» — «қылмыстық заңнамасы»;
- 3-баптағы «қылмыстық жауаптылық» — «қылмыстық жауапкершілік»;
- 4-баптағы «жазаланушылық» — «жазалылық»;
- 32-баптағы «қажетті қорғану» — «қажетті қорғанис»⁶ сөздерімен алмастырылса және т. б. осы тектес орайлы ұсыныстар;

ХАБАРШЫ-ВЕСТНИК КАРАГАНДИНСКОЙ АКАДЕМИИ МВД РК

Қорыта айтқанда, нормативтік құқықтық актілерге лингвистикалық сараптаманың нәтижелері ғылыми негізделген ұсыныстар мен Қазақстан заңнамасы тілін жетілдіру бойынша нақты ұсынымдарды дайындауға пайдаланылады. Заң жобасына лингвистикалық сараптама құқықтық норманың айқындылық қағидасын іске асыруға бағытталған. Мұнда нормативтік құқықтық ұйғарымның мазмұны қазіргі өркениеттің жалпыға танымал стандартына сәйкес келуі керек.

- ¹ Дигесты Юстиниана. Избр. фрагменты с пер. и прим. И. С. Перетерского. — М., 1984. — 406-6.
- ² Александров А. С. Юридическая техника — судебная лингвистика — грамматика права // Проблемы юридической техники: Сб. статей Под ред. В. М. Баранова. — Нижний Новгород, 2000, — 97-6.
- ³ Қалыбаева А. Қазіргі казак тілінің морфемалар жүйесі. — Алматы, 1986. — 92-6.
- ⁴ Арутюнова Н. Д. Типы языковых значений: Оценка. Событие. Факт. — М., 1998. — 112-6.
- ⁵ Кубрякова Е. С. Проблемы представления знаний в современной науке и роль лингвистики в решении этих проблем // Язык и структуры представления знаний. — М., 1992. — 86-6.
- ⁶ Билер соты мен ұлттық дәстүрлердің жандануы: заң шығармашылық және әлеуметтік тәжірибе / Н. О. Дулатбеков және авторлар ұжымы. — Қарағанды, 2008. — 192-6.

Резюме

В статье рассмотрены некоторые вопросы проведения лингвистической экспертизы нормативных правовых актов. Также автором выявлен ряд актуальных проблем в использовании юридической терминологии на государственном языке.

Resume

In the article some problems of linguistic expertise in normative legal acts have been observed. And also the author has pointed out the actual problems of use of Kazakh legal terminology.